



«ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ»

«ВЫ В ПАМЯТИ НАШЕЙ»





Ұлы Жеңістің 75 жылдығы



*«Аяймын күнім батым, түн болғанын,
Жігері талай жанның құм болғанын.
Айтпайды-ау, о дүниеден біреу келіп,
Кешегі өткендердің кім болғанын».*

Омар Хайям

Ұлы Отан соғысы жылдарында 3600 нұралықтар майданға аттанды. Олардың 1620-сы шайқастарда қаза тауып, 973-і хабарсыз кетіп, 1007 сарбаз үйлеріне оралды. Нұра ауданының Ұлы Отан соғысы құрбандарының саны 2593 адамды құрады. Ұлы Жеңістің 75-жылдығын мерекелеу қарсаңында біздің әрқайсымыз туған-туысқандарымызбен жақындарымызды құрметтеп еске аламыз.

Аудан бойынша "Парыз" атты екінші кітап шығару үшін мәліметтер жинау жұмыстары жүргізілуде. Жиналған ақпараттар негізінде аудандық балалар кітапханасы ардагерлер кеңесімен бірлесе отырып, әлеуметтік желілер беттерінде «Ер есімі – Ел есінде» атты естелік галереясын іске қосады.



75 – ление Великой Победы



В годы Великой Отечественной войны 3600 нурицев были призваны на фронт. Из них погибли на полях сражений 1620, пропали без вести 973, вернулись домой 1007 солдат. Число жертв в Великой Отечественной войне Нурина района составило 2593 человека.

В преддверии празднования 75 – ления Великой Победы каждый из нас старается почтить память родных и близких.

По району идет сбор материалов для создания второй книги «Парыз». На основе собранного материала районная детская библиотека совместно с Советом ветеранов на страницах социальных сетей запускают галерею памяти «ВЫ В ПАМЯТИ НАШЕЙ».

Вы, возможно, сможете найти информацию о своих родных павших на полях сражений и удостоенных наград за свои героические поступки.

Каждый из вас может оставить свои комментарии к любой записи, дополнить информацию об участнике войны фотографиями и воспоминаниями.



Аблахатов Абдрашит



Аблахатов Абдрашит (1916-1983 жж.) 1940 жылы Ақмоладағы Жамбыл атындағы мектепке ұстаз болып орналасты. Ұстаздығы өтер-өтпес ашық аспанды қара тұман қаптады, тыныш елді «Соғыс» деген суық хабар жайлады. Бірер күннен соң Қиыр Шығысқа соғысқа алып кетті. Онда 110 аэроинженерлік батальонның ерекше маңызды бөліміне түсті. Соғыста барлаушы болып қызмет атқарыпты. Ол кісінің бірнеше медальдары мен ордендері бар. Баршын сегізжылдық мектебінде мұғалім болып, одан директор қызметін атқарды.

1. «II дәрежелі Отан соғысы» ордені
2. "Еңбек Қызыл Ту» ордені
3. «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 30 жыл» медалы
4. "Жапониядағы Жеңіс үшін»
5. "Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 40 жыл"»
6. В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын есте сақтаудағы «Ерен еңбегі үшін»
7. "Тың жерлерді игергені үшін»
8. «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері»



Айдархан Паней



Айдархан Паней (1920 – 1999 жж.) Соғыстан кейін жүргізуші қызметін атқарды. «Сухе батыр» орденімен, «Жапонияны алғаны үшін», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 50 жыл», «Жуков атындағы» медальдармен марапатталған.



Айтмағанбетов Әбдікәрім



Айтмағанбетов Әбдікәрім 1925 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Байтуған ауылында туған Ұлы Отан соғысына Нұра АӘК- мен шақырылған. Қан майдан даласынан Жеңіспен оралған соң, бейбіт өмірге араласып, 1988 жылы 63 жасында өмірден өтті. Орден, медальдармен марапатталған.



Алин Үсейін



Алин Үсейін 1917 жылы «Құланөтпес» өзені бойында дүниеге келген. Соғысқа дейін колхозда бухгалтер, есепші болып жұмыс жасаған.

1939 жылы әскерге шақырылып, міндетті әскери-борышын өтеп жүргенде соғыс басталған. Мәскеу маңындағы шайқаста жауға қарсы күресіп, 1942 жылы аяғынан жараланып елге қайтқан. Бірнеше орден, медальдардың иегері.



Алькенов Дамыш



Алькенов Дамыш 1907 года рождения. Участвовал в Великой Отечественной войне с августа 1942 по апрель 1943 гг., был дважды ранен.

Награжден: медалями «За оборону Ленинграда», «За Отвагу» и другими юбилейными медалями. После войны работал управляющим села Жараспай.



Аханов Әбілхан



Аханов Әбілхан (1920-1992 жж.). Соғыстан кейін жүргізуші болып жұмыс істеген. «Ерлігі үшін», III дәрежелі «Даңқ» орденімен, «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 20 жыл», «КСРО Қарулы күштеріне 50 жыл» медальдарының иегері.



Әуәбакіров Мағрұп



Әуәбакіров Мағрұп (1909-1995 жж.). Соғыстан кейін құрылысшы болып еңбек еткен. «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 20 жыл», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 30 жыл», «КСРО Қарулы Күштеріне 50 жыл» медальдарымен марапатталған.



Бажанов Қасенбай



Бажанов Қасенбай 1898 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Сарыадыр қыстағында дүниеге келген. Еңбек, соғыс ардагері. Ауыл шарушылығында көптеген жылдар бойы бақташы, механизатор болып еңбек еткен. Соғыс жылдары байланысшы (связист) болды. Көрсеткен ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Берлинді азат еткені үшін» және көптеген медальдармен, алғыс хаттармен марапатталған. 1982 жылдың 29 сәуірінде 84 жасында дүниеден озады.



Бегімбеков Түрсынбек



Т.Бегімбеков – соғыс және тыл ардагері Қарағанды обл, Нұра ауданы, Көкмөлдір ауылында 1925 жылдың 25 сәуірінде дүниеге келген.

Әскер қатарына 1942 жылы шақырылып, 1946 жылы Көкмөлдір ауылына оралып, ферма меңгерушісі жұмысын атқарды. 1964 жылы «Нұра» совхозына көшіп келіп, үйленіп 5 балалы болды. 72 жасында 1997 жылы дүниеден өтті.



Бөкенов Әлкен



Бөкенов Әлкен 1925 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Байтуған ауылында туған. Ұлы Отан соғысына 1943 жылы, 18 жасында Нұра АӘК- мен шақырылған. Украина жерін азат етуге және Жапониямен болған соғысқа қатысқан, қан майдан даласында көрсеткен ерлігі I және II- дәрежелі «Отан соғысы» ордендері мен және бірнеше медальдармен марапатталған. Соғыстан кейін елге оралып бейбіт өмірге араласып мерейтойлық және «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған.



Беков Жұмаш



Беков Жұмаш (1913-1993). Соғыстан кейін күзетші болып жұмыс істеген. «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 20 жыл», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 25 жыл», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 30 жыл», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 40 жыл» медальдарымен марапатталған.



Горбачев Егор Семенович



Горбачев Егор Семенович родился в 1914 году в селе Богучар, Нуринского района, Карагандинской области. Призван Нуринским районным военным комиссариатом 22 ноября 1941 года. Воевал в составе Донского фронта, потом после ранения в составе Волховского фронта. Был командиром взвода. Награжден орденом Славы III степени, орденом «Красной Звезды», юбилейными медалями. Ушел из жизни в апреле 1979 года .



Добчинский Фёдор Иосифович



Добчинский Фёдор Иосифович, ветеран Великой Отечественной Войны. Родился 22.02.1917 года. Отправлен на фронт в августе 1941 года. Служил в должности начальника отдела связи Артиллерийно-Гаубичного полка. Участвовал в сражениях под Москвой (город Алексино), взятии Берлина. Имел ранения в голову и руку. Награждён орденами «Красной Звезды», «За оборону Москвы», «За оборону Ленинграда», «За Победу над Германией» и другие. Ушел из жизни в 1990 году.



Дайнеко Василий Константинович



Дайнеко Василий Константинович родился 11 июня 1921 года в Бабруйском районе, Белоруссия. Был призван Томским РВК. С 1941 года был в действующей армии, стрелок, попал под обстрел. Имеет ранения. После излечения был комиссован и отправлен в Казахстан - в село Ново-Карповка Нуринского района. Работал главным бухгалтером, зав.огородом. Ушел из жизни в 1977 году.



Дайнеко Павел Константинович



Дайнеко Павел Константинович родился 10 апреля 1925 года в Бабруйском районе в Белоруссии. Призван на фронт в 1943 году. Воевал при освобождении Кёнигсберга и другой территории нашей страны. После войны переехал в село Ново-Карповка Нуринского района, где работал водителем, зав. гаражом. Павел Константинович участник войны награжден юбилейными медалями. Ушел из жизни в 1990 году.



Дүйсембаев Шынарбек



Дүйсембаев Шынарбек 1923 жылы Нұра ауданының Еңбек – Қорғау ауылында дүниеге келген. Майданға 1942 жылы шықырылады. Осы жылы Владивосток қаласында дайындық курсынан өтеді. Шығыс майданына қатысып, атты әскерлер құрамында болған. 1945 жылдары Карпат тауларында шекарада тұрған. Елге 1946 жылы оралған соң, механизатор болып жұмыс істейді. 1973 жылы 50 жасында қайтыс болады. «Ерлігі үшін» медалымен марапатталған.



Есеноманов Төлеген



Есеноманов Төлеген 1902 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Құмкөл ауылында туған. Байтуған ауылында малшы болып жұмыс істеген. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына Нұра АӘК – мен шақырылып, соғыстан Жеңіспен оралып бейбіт өмірге араласып, еліміздің өркендеп дамуына өз үлесін қосады.



Есжанов Кадрия



Есжанов Кадрия 1904 жылы Нұра ауданының Казгородок ауылында дүниеге келген.

Соғысқа дейін малшы, әртүрлі жұмыстар атқарған. Соғысқа 1941 жылы шақырылған Воронеж бағытындағы Тамбов ауданына түседі. Онда қиян-кескі соғысқа қатысып, қолынан ауыр жарақат алып, комиссия шешімімен елге 1943 жылы қайтарылады. II топтағы соғыс мүгедегі. Соғыстан кейін агент болып жұмыс атқарған.

«Жауынгерлік қызметі үшін», «Тың жерлерді игергені үшін» және Жеңістің мерейтойлық медальдарымен марапатталған.



Ержұманов Ақылбек



Ержұманов Ақылбек 1900 жылы 7 қаңтарда Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Кеңес ауылында туған.

Әйелі Әубәкірова Серік 1911 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Кеңес ауылында туған. 1931 жылы отау құрған. Соғысқа дейін әр жерде, ұжымшарларда әр түрлі салада қызмет еткен - дүкенші, партия мектебі тыңдаушысы, инструктор, ұжымшар төрағасы. Әскери қызметке АӘК шақырылды. 1942 жылы тамыз айынан – 1945 жылдары Ұлы Отан соғысында болған.

Наградалары: «Германияны жеңгені үшін», Ұлы Отан соғысына қатысушылардың мерейтойлық медальдарымен марапатталған. Соғыстан туған ауылына оралған. 1946 жылдардан «Кеңес» колхозының төрағасы болып қызмет жасаған. 1963 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Ардагер Ержұманов Ақылбек 1979 жылы 63 жасында қайтыс болған. Кеңес ауылында жерленген.



Ержұманов Қабыкен



Ержұманов Қабыкен 1908 жылы 7 мамырда Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Кеңес ауылында туған. Соғысқа дейін ауылда малшы болған.

Ұлы Отан соғысына 1942 жылы шақырылды. Смоленск түбінде - барлау ротасы құрамында соғысқан. Сол шайқаста екі аяғына оқ тиіп жарақат алған. Госпитальдан шығып майданға қайта барған.

Әскери марапаттары болған: «Ерлігі үшін» медалі, «II дәрежелі Отан соғысы» ордені, «Германиядағы Жеңіс үшін», «Жеңіс күніне» орай 20 жылдық, 30 жылдық мерейтой медальдарымен марапатталған. Соғыстан 1945 жылы туған ауылына оралған. 1960 жылға дейін ауылда малшы болды. 1960 – 1963 – шы жылдары Нұра кеңшарында шопан болып істеді. 1978 жылы зейнеткерлікке шықты. 1978 – 1980 – ші жылдары Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Энтузиаст кеңшарына көшкен.

Ардагер Ержұманов Қабыкен 1988 жылы 80 жасында қайтыс болған. Энтузиаста жерленген.

Ермағамбетов Жақып



Ермағамбетов Жақып 1911 жылы туған.
1941-1945 жылдары ҰОС қатысушысы,
соғыс қимылдарына белсенді қатысты.
Мерейтойлық марапаттар иегері.



Ермеков Егінбай



Ермеков Егінбай 1925 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Өріксай ауылында туған.

Соғысқа дейін мал шаруашылығында есептеуші болып істеген. Он тоғыз жасында Ұлы Отан соғысына аттанған. Қайда соғысқаны жайлы мәлімет жоқ. Соғыста іс-жүргізуші болған. Қайтыс болған солдаттарды, хабар – ошарсыз жоғалғандарға санақ жүргізуге көмектескен. Хатшы болған. Ұлы Отан соғысынан 1947 жылы елге оралған. Нағрадалары сақталмаған. Соғыстан келгенде ауылда есептеуші – агроном болып жұмыс істеген. Ардагер Ермеков Егінбай 1957 жылы қыркүйек айында 32 жасында қайтыс болған. Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Өріксай ауылында жерленген.



Жекебаев Түркей



Жекебаев Түркей (1919 – 1988). Соғыстан кейін механизатор болып жұмыс істеген. Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 25 жыл», «Лениннің 100 жылдығы» медальдармен марапатталған.



Жақсыбеков Ахметжан



Жақсыбеков Ахметжан 1923 жылы Нұра ауданы, Қобыкөл ауылында дүниеге келген. 1941 жылы 20 желтоқсанда Нұра АӘК соғысқа шақырылған, 217 атқыштар бөлімінде соғысқа қатысқан. 1945 жылы күзде елге оралады. Бейбітшілік кезінде есепші, хатшы қызметтерін атқарған. 1954 жылы Нәскен апай екеуі шаңырақ көтеріп, төрт бала тәрбиелеген. 1960 жылы Казгородок ауылына көшіп келіп, 1975 жылға дейін малшы болып жұмыс істеген. Соғыста денсаушылығынан айырылып, 1975 жылы кенеттен қатты ауырып қайтыс болады. «Ерлігі үшін», «Германиядағы жеңіс үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 20 жыл», «КСРО Қарулы күштеріне 50 жыл» медальдарымен марапатталған.



Жақыпов Қартай



Жақыпов Қартай 1914 жылы Нұра ауданы Ефремовка ауылында дүниеге келген.

Ұлы Отан соғысы кезінде атқыштар дивизиясының әскери қызметіне атқыш ретінде шақырылды.

Марапаттары: "I дәрежелі Отан соғысы Ордені", "Ерлігі үшін" медалі.

04.09.1980 жылы қайтыс болды.



Жылбаев Асайын



Жылбаев Асайын 1900 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, қазіргі Ақмешіт ауылында дүниеге келеді. Соғыс, еңбек ардагері.

1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, елге аман-есен оралған соң еңбекке араласып, зейнеткерлікке шыққанға дейін малшы, бақташы болып жұмыс жасаған. 1977 жылы 74 жасында дүниеден өтті.



ЖҰМАБЕКОВ САТЫБАЛДЫ



Жұмабеков Сатыбалды 1913 жылы Құланөтпес ауылында дүниеге келді. 7 класс білімі бар. Ауыл тұрғындарының арасында сауатсыздықты жою жұмысына қатысқан. Майданға 1943 жылдың аяғында Нұра әскери комитетімен шақырылды. Отан соғысына 1943 жылдан бастап Шығыс майданының 38 жеке жөндеу батальоны қатарында 1946 жылға дейін қатысты.

1946 жылдың қазан айында әскер қатарынан босатылып, елге қайтты. Жапон соғысына қатысып, шығыс майданында кеңес әскерлерінің кедергісіз алға жылжуын қамтамасыз еткені үшін Жоғары қолбасшы И. В.Сталиннің алғыс хатымен марапатталды.

Биробиджан, Хабаровск, Комсомольск – на – Амуре қалаларын жапон әскерлерінен босатуға қатысқан. Соғыстан кейін Нұра ауданының Жаңақұрылыс ауылында есепші ретінде жұмыс істеді, ал 1961 жылдан бастап Донской кеңшарының астық қабылдау пунктiнiң бухгалтері болып еңбек етті.

Екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Жапонияны жеңгені үшін», «Ұлы жеңістің 20-жылдығы», «Ұлы Жеңістің 30 – жылдығы» медальдарымен марапатталған».



Ичёткин Алексей Григорьевич



Ичёткин Алексей Григорьевич родился 15.10.1924 года в селе Трофимовка, Юрчинского района, Тюменской области.

Во время Великой Отечественной войны служил в военной части 5384 3 – го отдельного батальона связи. Был командиром отделения.

Имеет награды: «Орден Отечественной войны 2 – й степени», юбилейные медали.



Қадыров Садық Қадырұлы



Қадыров Садық Қадырұлы 1924 жылы дүниеге келген. 1942 жылдың тамыз айында қан майданға өз еркімен аттанды. Ол кезде небәрі 18 жаста еді. Жалындап тұрған шағында Отан үшін жанын қиюға әзір болды. Өзбек КСРі, Самарқанд облысы, Самарқанд қаласында болған кезінде соғысқа барады. Ол кісі 31 – гвардиялық минбригаданың қатарында болған. Соғыс барысында машинистің көмекшісі де болған екен. Қазіргі деректерге сүйенер болсақ, сол жасақ командирі Садық Қадыровты мақтап, арнайы мөр басып, қағазға жазып қалдырған екен: «Ерен еңбек көрсетті. Қанша қиын болса да соғыс алаңын тастап кетпеді. Өзінің еркектік намысымен, батырлығымен көзге түсті. Қиналған жандарға тез арада көмек көрсетіп, әрі қарай ерлікті істерің жалғастыра берді». Ол 1945 жылдың 1 – наурызы болатын.

1945 жылдың ақпан айының 24 – ші жұлдызында ерлік жасап, наурыз айының 5 – ші жұлдызында СССР – дің «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалымен марапатталған. Соғыс аяқталғаннан кейін ішкі істер органдарында қызмет етіпті.



Красников Андрей Григорьевич



Красников Андрей Григорьевич родился 18.10.1917 году в Воронежской области, Богучарский уезд, село Журавский.

В 1925 году переехал в село Завьяловка Нурина района. До войны работал разнорабочим. Был призван в армию Нуринским военным комиссариатом 8 сентября 1938 году. Звание сержант. Воевал 313 стрелковом полку, 17 декабря 1941 года был тяжело ранен. Был на войне до 7 октября 1945 года. Имеет медаль «За боевые заслуги», «Медаль за Победу над Германией». Работал трактористом. Из – за полученных ран умер в 1957 году.



Колтунов Николай Федорович



Колтунов Николай Федорович родился 16 декабря 1923 года в селе Дячкино Ростовской области. В 1941 году Первоуральском РВК был призван на военную службу. Окончив автоучебный полк, служил майором в 1902 самоходном артиллерийском полку, 42 танковой бригаде. Перевозил грузы на Ладоге, участвовал в освобождении Ленинграда, Белоруссии.

В 1955 году приехал в Казахстан - в совхоз Энтузиаст, до ухода на пенсию работал шофером. За отвагу и мужество проявленные в годы войны Николай Федорович награжден медалью «За отвагу», «За оборону Ленинграда», «За освобождение Белоруссии», «За победу над Германией», за мирный труд награжден орденом «Почета», «Ветеран труда», «За освоение целины». Ушел из жизни в 1985 году.

Куликов Алексей Иосифович



Куликов Алексей Иосифович родился в 1927 году, в Курской области Шегровского района. В 1933 году вместе с родителями был сослан в Казахстан. Ему было 16 лет. В 1944 году из города Караганды был призван на фронт. Участник Великой Отечественной войны, в звании рядовой служил с 1944 по 1945 год на Восточном фронте. Шесть месяцев учился на курсах младших командиров. Попал на восток, служил в городе Уфа. После парада Победы, вместе со своим полком пешком прошёл до Монголии в город Порт – Артур. Участвовал в боях в Китае. Получил незначительное ранение. Прослужил в городе Порт – Артур до 1948 года. В 1948 году был демобилизован весь 45-й гвардейский полк. Весь 1948 год находился в городе Владивосток. В последующие годы до 1951 года служил на Камчатке. Далее полтора года прослужил в городе Таганрог. В 1953 году вернулся в город Караганду. Проживал в селе Тассуат. Награжден: Орденом Отечественной войны 1 степени, медалями «За отвагу», «За боевые заслуги», «За победу над Германией», «За победу над Японией».

Куликов Иосиф Дмитриевич



Куликов Иосиф Дмитриевич - 1904 года рождения. В 1933 году был вместе с семьей сослан в Казахстан. Участник Великой Отечественной войны, сержант. В мае 1942 года он был призван в ряды действующей армии. Сталинград для него первым боевым крещением. Командир отделения И. Куликов воевал храбро, об этом свидетельствуют его награды. По наградам легко проследить боевой путь ветерана. От Сталинграда его путь лежал прямо на запад. В числе многих Иосиф Дмитриевич освобождал Варшаву, дошел до Берлина. Среди надписей на рейхстаге есть и его роспись. Был ранен.

Награжден: орденом Славы III степени, Медалями «За боевые заслуги», «За оборону Сталинграда», «За освобождение Варшавы», «За прорыв обороны Берлина», «За освобождение Берлина» - благодарность. В селе Тассуат проживал до последних дней жизни.



Қуандықов Әлмұқан



Қуандықов Әлмұқан 1922 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Байтуған ауылында туған. 1942 жылы Нұра АӘК-нің шақыруымен Ұлы Отан соғысына аттанған. 1942-1944 жылдар аралығында Сталинград түбіндегі және Ленинградты қорғау қанды шайқастарына қатысып, ауыр жарақат алып, елге оралды. Бейбіт өмірге араласып, елінің көркейуіне үлес қосты. 1962 жылы 40 жасында дүниеден өтті. Көрсеткен ерліктері үшін жауынгерлік және бірнеше мерейтойлық медальдармен марапатталған.



Қожахметов Сейтжан



Қожахметов Сейтжан 1904 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Құланөтпес кеңшарында дүниеге келген.

13.10.1941 жылы Ақмола облысы, Вишневка аудандық әскери комиссариатымен жұмылдыру бойынша шақырылды.

1943 жылдың 6 наурызында оң қолдың саусағында ауыр жарақат алған. Ұлы Отан соғысына 26 – шы атқыштар полкінің құрамында қатысты.

“Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 20 жыл ” медалымен марапатталды.



Қайырбеков Мұқыжан



Қайырбеков Мұқыжан 1910 жылы Нұра ауданы Ивановка ауылында туған. Кеңес Армиясы қатарына шақырылып, азаматтық борышын Украинада өтеді . Әскерден кейін Нұра ауданының "Трудовик" ұжымшарында әр түрлі лауазымдарда жұмыс істеді. 1941 жылдың маусым айында Нұра әскери комиссариатымен шақырылып, Ленинград майданында соғысты. Ауыр жарақат алған соң туған ауылына оралды. Ұжымшарда жұмыс істеді. 1945 жылы майданға қайтып оралған. Марапаттары болды. 1965 жылы Ивановка ауылында қайтыс болды.



Қалуетов Шеней



Қалуетов Шеней 1913 жылы қарапайым отбасында дүниеге келген. Жеті жылдық мектепті тәмамдап еңбекке ерте араласқан. 1939 жылы әскер қатарына шақырылып, Түркіменстандағы Кушка қаласында әскери борышын өтеп елге оралғалы отырғанда соғыс басталып, сол жағынан соғысқа аттанады. Сөйтіп 1941-1945 жылдары соғысқа қатысып, елге аман-есен оралады. Бірнеше орден мен медальдар иегері. Соғыс, еңбек ардагері 1972 жылдың 7 шілдесінде, небары 59 жасында дүниеден өтті.



Қасенов Қуаныш



Қасенов Қуаныш 1917 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Жаңа – Құрлыс ауылында туған.

1941-1944 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, ауыр жарақаттан кейін елге оралып, бейбіт өмірге араласады. Туған ауылында мектепте, зейнеткерлікке шықанша ұстаздық қызмет атқарады. Қан майдан даласында көрсеткен ерліктері үшін «Ерлігі үшін» және мерейтойлық медальдармен марапатталған.



Қажыбаев Қуаныш

Қажыбаев Қуаныш 1907 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Өріксай ауылында туған.

Ұлы Отан соғысына 1941 жылы күз айында аттанған. Жаяу әскер қатарында соғысқан. Ресейдің Щучинск қаласын қорғау шайқасында басынан жарақат алып, әскери госпитальға түсіп екі ай емделген. Емделіп шығып майданға қайта барған. Ұлы Отан соғысы аяқталғанда 1945 жылы көктем айында соғыстан ауылға оралды. Наградалары: «Қызыл жұлдыз» ордені, «В. И. Ленинге 100 жыл», «Даңқ» медалы, «За Победу над фашистской Германией», Ұлы Отан соғысына қатысушылардың мерейтойлық медальдары болған. Өкінішке орай наградаларын дәлелдейтін құжаттар сақталмаған.

Соғыстан оралған соң Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Киров кеңшарында механизатор болып 35 жыл жұмыс істеген. 1954 жылдары тың игеру науқанында жұмыс істеген. 1963 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы, Нұра кеңшарына көшіп, ірі қара мал баққан. 1967 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Ардагер Қажыбаев Қуаныш 1975 жылы 68 жасында қайтыс болған. Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Нұра кеңшарында жерленген.



Қожахметов Мұхамеждан

Қожахметов Мұхамеждан 1916 жылы туган. Партия мүшесі, аға сержант. 1941 жылы соғысқа шақырылды. 1942 жылы Ленинград түбінде ауыр жараланып жараланды. Әскери госпитальдан шығарылып, өз еліне қайта келді. Бірнеше медальдармен марапатталды. Баршын ауылында көп жыл бойы мұғалім қызметін атқарды. Қазіргі уақытта дүниеден озды. Баршын ауылында жерленген.



Қоржынбаев Қамимолла



Қоржынбаев Қамимолла 1906 жылы Нұра ауданы, Көбетей ауылында дүниеге келген. Нұра АӘК соғысқа шақырылып, 1941-1945 жылдар аралығында соғыста болған. Соғыста қатты жарақат алған. Елге оралғаннан кейін Нұра аудандық қаржы бөлімінің бастығы болып қызмет атқарады. 1953-1955 жылдары Куйбышев (Семеновка) колхозын басқарады, одан кейін 1975 жыл дейін ауданда басшылық қызметтерде болады. 1977 жылы қыркүйек айында дүниеден өтеді.



Құрманбеков Ақмағанбет



Құрманбеков Ақмағанбет 1913 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Итіке ауылында шаруа отбасында дүниеге келген.

1939 жылы әскер қатарына шақырылып, 113 артилериялық полкте 1940 жылға дейін борышын өтеп, 1940 – 1941 жылдары 200 ГАП полкінің бөлімше командирі болады. 1941 – 1942 жылдары жарақаттанып, Киров қаласында, госпиталда жатады. Сауыққан соң 1942 – 1944 жылдары атқыштар взводында командир болып, 1946 жылдың сәуіріне дейін Отан алдындағы борышын өтейді, 1946 жылдың сәуір айында елге аман–есен оралады. Елге оралған соң, сол кездегі Захар қазіргі Ақмешіт ауылындағы Ворошилов атындағы жеті жылдық мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, директор болып қызмет жасайды. 1942 жылдан КОКП мүшесі, соғыс жылдары көрсеткен ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, бірнеше медальдармен, алғыс хаттармен және мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1967 жылы бар болғаны 54 жасында дүниеден өтті.

Құрманов Мұқаш



Құрманов Мұқаш 1916 жылдың 10 тамызында Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Өріксай ауылында көп балалы отбасында дүниеге келген. 14 баланың ішінде 3 бала ғана аман қалған. Ақмола қаласында мектеп бітірген. Ақмола қаласында жұмыс істеп жүрген кезінде майданға шақыртылып, 25 жасында 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанды. 1941 жылы наурыздың басында Сталинградтың түбінде, Курск және т.б. шайқастарға қатысқан. 1945 жылы туған ауылына оралған. Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлік көрсеткені үшін I, II дәрежелі "Отан соғысы", "Данқ" ордендерімен, "Сталинградты қорғағаны үшін", "Еңбек ардагері", "Жауынгерлік қызметі үшін" және т.б. медальдармен марапатталған. Өкінішке орай дәлелдейтін құжаттар сақталмаған. Майданнан оралғаннан кейін әр түрлі салада жұмыс істеген. 1958 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Нұра совхозының Кеңжарық ауылына көшіп барған. Зейнетке шыққанша шопан болған. Ардагер Құрманов Мұқаш 1992 жылдың 18 қарашасында, 76 жасында қайтыс болған. Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Нұра кеңшарының Кеңжарық бөлімшесінде жерленген.




Құттыбай Темірғали



Құттыбай Темірғали 1909 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Қуаныш ауылында туған. 1941 жыл Ұлы Отан соғысына аттанған. 1945 жылы соғыстан туған ауылына оралып, мұғалім болып қызмет еткен. Одан кейін Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Нұра кеңшарында зейнет жасына дейін шопан болған. Ардагер Құттыбай Темірғали 1986 жылы 77 жасында қайтыс болған.



Құртбаев Сағымбек



Құртбаев Сағымбек – 1902 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданында туған. Ұлы Отан соғысына 1941 жылы Нұра АӘК – нан шақырылған. Қан майдан даласында ауыр жарақат алып 1942 жылы елге оралып, бейбіт өмірге араласып, ауыл шаруашылық саласында нәтижелі еңбек еткен. 1963 жылы 61 жасында дүниеден өтті.

Ерен еңбектері үшін мерейтойлық медальдармен марапатталды.



Құсайынов Байжікен



Құсайынов Байжікен 1908 жылы Қызыл Ту (қазіргі Жантеке) ұжымшарында туған. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанды. 1943 жылы Курск түбіндегі ірі шайқаста ауыр жараланып, ауылға оралды. 10 жыл бойы кенші болып, одан кейін шопан болып еңбек етті. Жауынгерлік ерлігі және еңбектегі ерлігі үшін көптеген медальдармен марапатталады. 1986 жылы дүние салған, Баршын ауылында жерленді.



Қоянбаев Жаңабай



Қоянбаев Жаңабай Қарағанды облысы Нұра ауданы, Қобыкөл ауылында 4 ақпан 1907 жылы дүниеге келген. Соғыс, еңбек ардагері. Ұлы Отан соғысына 1941 – 1945 жылдары қатысып бірнеше орден медальдармен марапатталған. 2 – ші топтағы мүгедек. Аман – есен еліне оралып, бірнеше жылдар ауыл шаруашылығында малшы, бақташы болып жұмыс жасаған. 3 наурыз 1989 жылы 82 жасында дүниеден озды.



Мақажанов Сахан



Мақажанов Сахан 1923 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Қуаныш бөлімшесінде туған.

Соғысқа дейін ауылда шофер болып жұмыс істеген. Ұлы Отан соғысына 1942 жылы аттанған. Соғыста жүргізуші болған. Сталинград шайқасына қатысқан, Ленинград блокадасында болған. 1945 жылы соғыс аяқталған соң, Жапонияға қарсы соғысқа қатысты. Елге 1945 жылдың соңында келген. Соғыстан кейінде шофер болып 40 жыл еңбек еткен.

Ардагер Мақажанов Сахан 1980 жылдың 23 қаңтарында, 57 жасында қайтыс болған. Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Қуаныш бөлімшесінде жерленген. (Наградалары болған өкінішке орай сақталмаған). 1982 жылғы «Нуринский хлебобоб» газетте Сталинград шайқасына қатысқаны жайлы жазылған.



Миненко Дмитрий Павлович



Миненко Дмитрий Павлович родился 30.10.1923 году.

Воевал на Восточном фронте. Был командиром минометного орудия. После войны работал трактористом.

Имеет награды: медаль «За боевые заслуги», «За победу над фашисткой Германией», медаль «За освоение целинных земель», орден «Трудового Красного Знамени».



Мұстафин Қабдылбари



Мұстафин Қабдылбари 1906 жылы 01 Ақпанда Амантау шатқалында дүниеге келген.

87-ші қалпына келтіру теміржол батальонының жолшысы. 1941 жылдан бастап Қызыл Әскер қатарында. Нұра АӘК шақырылды. 1943 жылдан бастап майдандағы ұрыстарға қатысты. Демблин – Пилява темір жол учаскесін тігу бойынша жауынгерлік бұйрықты орындай отырып, Мұстафин күшін аямай нағыз еңбек ерлігін көрсетті. Қиын жағдайларда тәулік бойы жұмыс істей отырып, берілген тапсырманы 200-220% орындалды.

Мұстафин Қабдылбари «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Германияны жеңгені үшін» және мерейтойлық медальдармен марапатталған. Соғыстан кейін мал шаруашылығында шопан болып жұмыс істеді.



Мырзаханов Смағұл



Мырзаханов Смағұл – 1902-1977. Көкөзек ауылының тумасы. Соғыстан бір көзінен айрылып оралған. Марапаттары жайлы ақпарат жоқ.



Нұрмағамбетов Қара



Нұрмағамбетов Қара 1914 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданының 8 ауылында туған.

1942 жылы мамырдың 17 – де әскерге шақырылған. Екінші Белорусь майданында атқыштар полкінда соғысқан. Взвод командирінің көмекшісі, майданнан 1945 жылы қазан айында оралды. Бейбіт өмірде тың көтеруге қатысып, мал бағып, ерен еңбегімен көзге түскен.

Көптеген ордендер мен медальдардың иегері.



Омаров Имекен



Омаров Имекен 20 қараша 1916 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Сарыадыр қыстағында, қазіргі Ақмешіт ауылында дүниеге келген. Мұғалімдік курсты бітіріп, ұстаз ретінде қызмететті. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына қатысып, бірнеше орден, медальдар иегері. Зейнеткерлікке шыққанға дейін білім саласында қызмет жасаған. 1998 жылы 82 жасында дүниеден өтті.



Оспанов Досмағанбет



Оспанов Досмағанбет (1925-1988). Соғыстан кейін машина ауласы меңгерушісі қызметін атқарған. «Жапон басқыншыларына қарсы ерен еңбегі үшін», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 25 жыл», «Ұлы Отан соғысына 40 жыл» медальдарымен марапатталған.



Өмірбекұлы Айтмағанбет



Өмірбекұлы Айтмағанбет 1906 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Ақтөбе ауылында туған. Ұлы Отан соғысына 1942 жылы Нұра АӘК – мен шақырылған. Қан майдан даласында, Ұлы Жеңістің туын желбіретуге зор үлес қосты. 1944 жылы ауыр жарақаттан соң, елге қайтарылып, бейбіт өмірге араласты.

Қан майдан даласында көрсеткен ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, бірнеше мерейтойлық медальдармен марапатталған. Соғыстан алған ауыр жарақат салдарынан 1975 жылы, 69 жасында дүниеден озды.



Пронич Михаил Ильич



Пронич Михаил Ильич родился 04.12.1914 года в селе Талсай, Нуринаского района, Карагандинской области. В 1941 году был призван на фронт. Службу проходил в самом пекле войны, на Центральном фронте. Дважды тяжело ранен, контужен. Последнее ранение получил на реке Одер.

Вернулся с войны в 1945 году. После войны работал механизатором.

За мужество и героизм награжден медалью «За отвагу» и медалью «За мирный труд».

Ушел из жизни в 1963 году.



Рамазанов Күшен

Рамазанов Күшен 1895 жылы Нұра ауданы Амантау ауылында туған.

1942 жылы оны майданға шақырды. Үш рет ауыр жарақат алды. Ол Берлинге дейін жетті. Әскерден 1945 жылы оралған. Ефрейтор атағын алды.

Соғыстан кейін Майоровка кеңшарында малшы болып жұмыс істеп зейнеткерлікке шықты.

Үкіметтік наградалары: "Варшаваны азат еткені үшін" медалі, "Берлинді алғаны үшін" медалі, "Ұлы Отан соғысы жеңісінің» 30 , 40, 50 жылдығы медалдарі, "Қызыл Жұлдыз» ордені.



Рысмағанбетов Ахмедия



Рысмағанбетов Ахмедия 1909 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Черниговка ауылында дүниеге келген.

1941 жылы Кеңес әскерінің қатарына шақырылды.

1945 жылы туған ауылына оралды.

1976 жылы туған ауылында қайтыс болды.



Рысмағамбетов Талғатбек



Рысмағамбетов Талғатбек 1 қаңтарда 1923 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Ақтөбе ауылында туған.

1930 – 1931 жылдары соғысқа дейін жетіжылдық мектеп бітірген, 1937 – 1938 жылдары Ақмола қаласындағы Сталин атындағы мектепті бітірген. 1940 – 1941 жылдары Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Кеңес ауылында есепші болып жұмыс істеген. 1941 жылдың тамыз айынан маусым айы 1947 жылға дейін Кеңес Армиясы мен Әскери теңіз флотының қатарында қызмет еткен. 1947 жылы Ұлы Отан соғысынан кейін ауылда жұмыс істеген. 1948 жылдан 1954 жылға Ақмола қаласында статистикалық басқармада экономист болған. Алматы, Жамбыл қалаларында бірнеше оқу орындарда оқыған. Инспектор, статистика басқармасы бастығының көмекшісі ретінде кадр бөлімінде қызмет еткен. Ардагер Рысмағамбетов Талғатбек 1980 жылы 57 жасында қайтыс болған. Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Кеңес ауылы жерінде жерленген.

Наградалары өкінішке орай тек қана қағаз бетінде қалған. Отан соғысы майдандарында - Румынияда, Польшада, Германияда, Кореяда соғысқан. «Ерлігі үшін» медалымен марапатталған. Сталиград шайқасына қатысқаны үшін марапатталған. Буденный атындағы 1155 полкінің 344 атқыштар дивизиясы құрамында соғысқан.

Селивёрстов Григорий Иванович



Селивёрстов Григорий Иванович ветеран Великой Отечественной Войны. Родился в 1919 году, в Татарии (РФ). В 1941 отправлен на фронт. Служил на Черноморском Флоте. Был ранен в брюшную полость и ногу. Награждён орденом «Красной Звезды» и другими наградами. Умер в 1964 году, в Казахстане.



Сәрсекеев Рахым



Сәрсекеев Рахым 1913 жылы Нұра ауданының Казгородок ауылында дүниеге келген.

Соғысқа дейін агент, малшы, күзетші болып әртүрлі жұмыстар атқарады. Ұлы Отан соғысында 15 қаңтар 1941 жылдан 1944 жылға дейін 480 атқыштар полкінде автоматшы болып соғысқан. 1944 жылы 6 ақпанда сол қолынан ауыр жарақат алып, комиссия шешімімен осы жылы еліне қайтады.

1945 жылы 9 мамырда «Германиядағы Жеңіс үшін» медалымен марапатталады. Еліне келгеннен кейін Балықтыкөл ұжымшарында қойшы болып зейнеткерлікке шығады. 1974 жылы 61 жасында қайтыс болды. Жеңістің мерей медальдарымен және ұжымшарда жұмыс істеген кезінде бірнеше Мақтау, Құрмет грамоталарымен марапатталған.



Сәтеміров Қаныш



Сәтеміров Қаныш 1899 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданында туған. «Калинин» колхозында қой фермасының меңгерушісі қызметін атқарған. Ұлы Отан соғысына 1942 жылы Нұра АӘК – мен шақырылып, 1945 жылы Жеңіспен елге оралып бейбіт өмірге араласып нәтижелі еңбектері үшін мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1966 жылы 67 жасында дүниеден өтті.



Сәтжанов Дәді



Сәтжанов Дәді 1913 жылы Қарағанды облысы Жаңа – Арқа ауданының 17 – ші ауылында туған. 1941 жылы Жараспай ауылынан әскерге шақырылған. Мәскеу маңайындағы шайқастарға қатысып, оң жақ қолынан жарақат алып, 6 ай госпитальда жатқан. Кейін Сталинград түбіндегі шайқаста қатысқан.

Соғыстан кейін Нұра кеңшарында зоотехник ретінде еңбек етіп, 1965 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін қой баққан. 1986 жылдың қыркүйегінде дүниеден озды. «II дәрежелі Отан соғысы» ордені, Жеңістің 25, 30, 40 жылдығына арналған медальдармен марапатталды.



Сқақбаев Дәрібай



Сқақбаев Дәрібай 1894 жылы Қарағанды облысы, Ақшы ауылында туған.

1941 – 1945 Ұлы Отан соғысыға Қарағанды әскери комитетімен шақырылған. Харьков қаласында солдаттар мінген эшелоны неміс самолеттері шабуылына түсіп, көптеген жауынгерлер қаза болды. Аман қалғандары ауыр жарақат алып елге қайтарылған.

Елге келіп еңбекке араласып көп жылдар «Парижская коммуна» колхозда жылқышы, малшы болып еңбек еткен. Тыл ардагері. 1970 жылы 76 жасында дүниеден өтті.



Сыздықов Қали



Сыздықов Қали 1907 жылы 15 маусымда Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Қызыл – Жұлдыз ауылында дүниеге келген.

ҰОС қатысушысы, соғыс қимылдарына белсенді қатысты. 1990 жылы 16 маусымда дүниеден өткен.



Тарасюк Николай Трофимович



Тарасюк Николай Трофимович родился в 1923 году в Белоруссии. Был призван на фронт в 1943 году. В 1944 году был ранен в руку, после излечения был комиссован.

После войны переехал в Казахстан, Нуринский район, в село Ново-Карповка, работал разнорабочим.

Николай Трофимович участник войны, имеет медаль «За отвагу».



Темірбаев Орынбай



Темірбаев Орынбай 1918 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Өріксай мекенінде туған.

1939 – 1940 жылдары әскери борышын өтеуге әскерге шақырылған. Ұлы Отан соғысы басталғанда әскерден соғысқа алып кеткен. Сталинград түбіндегі шайқаста қатысқан. Осындай бір ауыр шайқаста ауыр жарақат алған. Әскери госпитальда көп қан жоғалтқанның салдарынан ұзақ уақыт емделген. 1942 жылдың аяғында соғысқа жарамсыз болғанан қос балдаққа сүйеніп туған ауылына оралды. Қойма меңгерушісі болып жұмыс істеген. Уақыт өте соғыстан алған жарасы сыр бере бастаған. Аяғына алған жарақатқа ота жасатқан. Аяғында бес оқ тұрып қалған, үш оқты алған екеуі денесінде қалған. Көп ұзамай көз жұмған.

Ардагер Темірбаев Орынбай 41 жасында, 1959 жылды 9 тамызында қайтыс болды. Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Өріксай мекенінде жерленген.



Ткачев Федор Лукъянович



Ткачев Федор Лукъянович родился 25.12.1917 года в селе Плаховка Нуринского района Карагандинской области. После окончания школы работал в торговле, затем переведен учителем начальных классов в Нуринском районе.

В 1938 году призывается в Красную Армию, где проходил службу в Молдавской стрелковой дивизии, 134 гаубичного полка, помощником политрука и секретарем комсомольской организации батальона. Еще до начала войны Федор Лукъянович принял участие в боевых действиях по освобождению Молдавии, Западной Украины. Участник Финской войны 1940 года. Принял первый бой в 1941 года на реке Прут, в Молдавии, на западной границе. В 1942 году при обороне Одессы получил ранение и после излечения был признан инвалидом второй группы и демобилизован.

С первых дней после излечения принимал активное участие в восстановлении народного хозяйства. С 1942 года работает председателем колхоза имени Качановича. С 1947 года по 1949 год председатель колхоза имени Ворошилова, начальник Заготзерно, инструктор сельхозотдела Райкома. С 1954 по 1959 года председатель Киевского поселкового совета. Где бы не работал, Федор Лукъянович всюду отмечали его скромность и трудолюбие. Знание государственного языка ему помогало в решении поставленных задач.

За боевые заслуги Ткачев Федор Лукъянович награжден медалью «За боевые заслуги» за мирный труд награжден орденом «Трудового Красного Знамени». Ушел из жизни в 1963 году.

Төлеуов Тастенбек



Төлеуов Тастенбек 1918 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Черниговка (Көбетей) ауылында дүниеге келген. Шақыру орны: Нұра АӘК, Қазақ КСР Қарағанды облысы.

1939 жылы Кеңес Армиясына шақырылған. 1941 жылдың маусымынан 1945 жылдың наурызына дейін Карель майданында болды. 1945 жылдың наурыз айынан 3 Украин майданы - 516 жеке байланыс батальонында. 23.03.1945 ж. Мегер-Истимир учаскесінде тұрақты байланыс желісін қалпына келтіре отыра, жаудың артиллерия отына қарсы шығады. Трудор-Ф елді мекеніне дейін байланыс желісін барлау кезінде тапсырманы орындай отырып, жаудың орналасуымен кездескен кезде ерекше ерлік көрсеткен.

"Ерлігі үшін", "Жауынгерлік еңбегі үшін" медальдармен марапатталған. Ұлы Отан соғысының мерейтойлық медальдарымен марапатталған. 1992 жылы 15 қазанда 73 жасында қайтыс болды.



Тұрсынов Қалкен



Тұрсынов Қалкен 1922 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Жамбыл ауылында туған. Ұлы Отан Соғысына 1942 жылы Нұра АӘК- мен шақырылған. Қан майдан даласынан жеңіспен елге оралып, бейбіт өмірге араласып, соғыстан алған ауыр жарақат салдарынан 1968 жылы, 46 жасында дүниеден өтті. Соғыстағы ерліктері үшін II- ші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және «Ерлігі үшін» медальмен марапатталған.



Усиков Федор Арсентьевич



Усиков Федор Арсентьевич родился в 1916 году на Украине. В 1933 году переехал с родителями в село Ново – Карповка, Нуринаского района. Работал разнорабочим.

В мае 1942 года призван на фронт. Принимал участие в боевых действиях в составе 373 стрелковой дивизии, был ранен в голову после излечения комиссован. Федор Арсентьевич за героизм и отвагу награжден медалью «За отвагу» и юбилейными медалями.



Үсенұлы Смағұл



Үсенұлы Смағұл 1926 жылы туған. «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске – 20 жыл», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске – 25 жыл», «Кеңес армиясына – 30 жыл», «КСРО Қарулы Күштеріне – 50 жыл», «КСРО Қарулы Күштеріне – 70 жыл» медальдарымен марапатталды.



Фаррахов Миннивакиль Гарафутдинович



Фаррахов Миннивакиль Гарафутдинович 1932 жылы 2 ақпанда өмірге келді.

10 жасынан бастап жұмыс істеген, күндіз жер жыртып, түнде жылқы бағатында. Соғыс біткенше жұмыс істеді. 1950 – жылдан бастап 3 жыл армияда қызмет еткен. 1 – жылы Москвада, ал қалған 2 жыл Свердлов облысында, Нижний Тагилдағы ішкі әскерде қызмет еткен. Әскерден кейін үйленіп, Татарстандағы Бавлы ауданының Қаңдыз ауылында өмір сүріп, жұмыс істеген. 1970-жылынан бастап Қазақстанға келіп, қазіргі уақытқа дейін Ахмет ауылында жұмыс атқарып келді.

2020 жылы қайтыс болды.



Хасенов Сегізбай



Хасенов Сегізбай 1900 жылы 8 наурызда Қарағанды облысы, Нұра ауданы, «Киров» колхозына қарасты Қуаныш ауылында туып өскен.

Соғысқа дейін Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Кеңес ауылында ауыл шаруашылығында жұмыс істеді.

1941 – 1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыстан кейін қой шаруашылығында ферма меңгерушісі болып жұмыс істеген.

Наградалары: «II дәрежелі Отан соғысы» ордені, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалы, Ұлы Отан соғысына қатысушыларға мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

Ардагер Хасенов Сегізбай 1986 жылы 2 желтоқсанда, 86 жасында қайтыс болған. Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Қуаныш ауылында жерленген.




Шалабеков Балғабек



Шалабеков Балғабек 07.07.1917 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы Өріксай елді мекенінде дүниеге келген. 1939 жылы әскерге шақырылып, 1947 жылы елге қайтып келген. Үйленіп 5 балалы болған. Көптеген мадақтамалар иесі аттанған. Еңбек және соғыс ардагері, 1984 жылы дүниеден өтті.



Шалов Қамзе Жәкішұлы



Шалов Қамзе Жәкішұлы 1924 жылы Акмола облысында туған. 1941 жылы 7 класс бітірді. 1942 жылдың сәір айынан бастап майданға аттанып, 39 – шы гвардиялық атқыштар дивизиясы қатарында болды. Одан кейін Артем атқыштар полкінің қатарында бөлім командирі ретінде соғысқа қатысты. Сталинград түбіндегі шайқасқа қатысқан. Бірнеше рет жаралы болған. «Сталинградты қорғағаны үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған.

Соғыстан кейінгі жылдары Қ.Шалов Нұра ауданында еңбек етті. 1960 жылға дейін «Парижская коммуна» ұжымшарында малшы болып, одан кейін «17 лет Октября» кеңшарында ұста ретінде еңбек етті. 1965 жылы Амантау кеңшарына қоныс аударып әр тірлі ауыл шаруашылық салаларда 1968 жылға дейін еңбек етті.

Шәріпов Орақбай



Шәріпов Орақбай (1914 – 1988). Майданнан кейін бақташы болып қызмет етті. «Германияны жеңгені үшін», «Ерлігі үшін», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 20 жыл» медальдарымен марапатталды.



Швецов Алексей Зиновьевич



Швецов Алексей Зиновьевич родился в 1911 году на Украине, Запорожской области. Переселенцы по Сталинской реформе обосновались в селе Ново-Карповка, Нуринаго района. В 1941 году был призван в Акмолинскую дивизию и отправлен на фронт в Кёнигсберг. Принимал активное участие в боевых операциях, получил ранение. После излечения отправлен на Ленинградское направление. Принимал участие по эвакуации детей через Ладогу. В 1944 году получил контузию, после излечения комиссован. По возвращению работает ветеринарным врачом. Награжден «Орденом Славы», «Орденом Красного Знамени» так же медалями. Ушел из жизни в 1972 году.



Шестюк Иван Петрович




Шестюк Иван Петрович родился в 1922 году в селе Богучар Нуринаго района. После окончания школы работал в своем селе.

В 1941 году Нуринским военным комиссариатом призван в действующую армию на фронт. Служил командиром орудия Первой батареи, 315 отдельной истребительной противотанковой дивизии. За героизм и мужество проявленные в боях награжден орденом «Красного Знамени» и другими наградами.



Ынтықаев Ақметжан



Ынтықаев Ақметжан 1892 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Қызыл-Диқан аулында туған. 1941 – 1945 жылғы Ұлы – Отан соғысына қатысты. Елге оралғаннан кейін бейбіт өмірге араласып, зейнеткерлікке шықты. Жауынгерлік ерліктер және ерен еңбектері үшін медальдармен марапатталған. 1978 жылы 86 жасында дүниеден өтті.



Ысқақов Жақан



Ысқақов Жақан 1922 жылдың 25 маусымында Ақмола облысы, Кеңес ауылында дүниеге келген. 1942 жылдың мамыр айында 673-ші атқыштар полкіне жіберілді, ал 1945 жылы 193 – ші қосалқы атқыштар полкіне – атқыштар полкіне ауыстырылды. 1944 жылдың 21 қазанында оң аяққа жеңіл жараланып, әскерден босатылды.

Соғыс аяқталған соң «Германиядағы Жеңіс үшін» медалымен марапатталды.



Ысқақов Тиыштықбай



Ысқақов Тиыштықбай 3 қаңтар 1916 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Қобыкөл ауылында дүниеге келген.

1941 – 1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысады, Калинин облысындағы Идириса станциясындағы №213 СБАП әуе атқыштар полкінде кіші моторист болып қызмет атқарып, кейінен 502, 825 ШАП, 225 Рижский дивизиясында моторист болған.

Соғыста көрсеткен ерліктері үшін Ұлы Отан соғысының екінші дәрежелі орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Елге аман-есен оралғаннан кейін ұстаздық қызмет атқарған. 1986 жылы 70 жасында ауыр науқастан дүниеден өтеді.

